КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 маусым № 4360-23-00-2/1039 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Жалимбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру
3. Шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Жалимбетовқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шартты бұзуды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Жалимбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі мен жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Жалимбетов арасында 2023 жылғы 30 наурызда жасалған №128 мемлекеттік сатып алу туралы шарты бұзылсын.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Жалимбетовтен мемлекет кірісіне 913 (тоғыз жүз он үш) тұрақсыздық айыбы және 3 477 (үш мың төрт жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 13.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Әбілқайысқызы А., 27.07.2023

4360-23-3-1/1085